

**«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-да  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген  
ішкі талдау нәтижелері туралы  
талдамалық анықтама**

Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына» сәйкес Жұмыс тобы «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-да сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу объектісінің атауы**

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК және оның құрылымдық бөлімшелері (бұдан әрі – Кәсіпорын)

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі**

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК Бас директорының 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 51-ө бұйрығы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезеңі**

2020 жылғы 1 сәуір – 20 сәуір

**Кәсіпорын қызметін талдау кезеңі**

2020 жылғы 5 қаңтар – 31 желтоқсан

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мына бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Кәсіпорын қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

**1. Кәсіпорын қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.** Кәсіпорын өз қызметін «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Кәсіпорынның Жарғысына, ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Көрсетілген құжаттарға сәйкес Кәсіпорын мемлекеттік қала құрылысы кадастрын және қала құрылысын жоспарлаудың технологиялық байланысты жұмыстарын жүргізу бойынша қызметті жүзеге асырады.

Талдау барысында Кәсіпорын Жарғысы, Кәсіпорынның, оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттар қаралды және зерттелді. Талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға септігін тигізетін дискрециялық нормалар анықталған жоқ.

## **2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде мына қызмет бағыттары бар:

### **1) Қызметкерлерді басқару, оның ішінде кадрлардың алмасушылығы**

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің кадрлық қамтамасыз етуі ішкі реттеуші құжаттардың шеңберінде кадрлық саясатқа сәйкес жүзеге асырылады:

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің ішкі еңбек тәртібі қағидалары;

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің тәртіптік комиссиясы туралы ереже;

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің белгілі бір жұмысты орындау уақытына қабылданған жұмыскерлер туралы ережесі;

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің құрылымдық бөлімшелерінің ережелері және жұмыскерлерінің лауазымдық нұсқаулықтары;

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің жұмыс беруші мен жұмыскерлер арасындағы ұжымдық шарты;

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің жұмыскерлерді аттестаттау қағидалары;

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы 27 қаңтардағы №54-НҚ бұйрығымен бекітілген «Мемқалақұрылыскадастры» РМК Бас директорының, Бас директоры орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақылары мөлшерлерін белгілеу, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы беру жүйесінің тәртібі;

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің кадрлық саясатында меритократия қағидастарын бекіту жөніндегі шеткі келісім.

Кәсіпорын қызметкерінің штаттық саны 11 өңірдегі филиалдарды есепке ала отырып 193 бірлікті құрайды (*кәсіпорын бойынша – 97 бірлік (олардың ішінде АЖБ – 25, өндірістік қызметкер – 72) филиалдар бойынша – 96 бірлік*).

Штаттық құрылым 3 өндірістік басқарманы (*9 бөлім, 1 ақпараттық қауіпсіздік секторы*), әкімшілік басқарманы (*3 бөлім*), сондай-ақ мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі бөлімшені қамтиды.

Есептік кезеңде 36 жұмыскер жұмысқа қабылданды, жоғары лауазымға 19 жұмыскер ауыстырылды. Өңірлік филиалдардың басшылары лауазымына 4 жұмыскер тағайындалды.

Кадрлық мәселелер бойынша шешімдер (кадрлық резервті қалыптастыру және жұмысқа қабылдау) және конкурстық комиссия шешімдері «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің кадрлық саясатында меритократия қағидастарын бекіту жөніндегі шеткі келісімді енгізу туралы» 2018 жылғы 5 сәуірдегі 27-Ө және «Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның бос лауазымдарын иеленуге конкурс жүргізу және конкурс жүргізу үшін комиссия құру қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 30 желтоқсандағы №157 бұйрықтарына сәйкес конкурстық іріктеу арқылы қабылданады. Талданатын

кезеңде бос лауазымдарды иеленуге конкурстық комиссияның 36 отырысы өткізілді.

Белгіленген талаптарға сәйкес бос лауазымға үміткерлерді іздеу [www.HeadHunter](http://www.HeadHunter) және [nir.kz](http://nir.kz). ресми сайттарында хабарландыру орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Тараптардың келісімі және жұмыскердің бастамасы бойынша 21 жұмыскер жұмыстан босатылды. Теріс уәждер бойынша жұмыстан босатылғандар жоқ.

Тәртіптік теріс қылықтарға немесе Ішкі еңбек тәртібі қағидаларын бұзушылықтарға жол берген жұмыскерлерге жауапкершілік шараларын қолдану, сондай-ақ жұмыскерлердің жауапкершілігін арттыру шешімін Бас директордың 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 146-Ө бұйрығымен бекітілген Тәртіптік комиссия туралы ереже шеңберінде Тәртіптік комиссия қабылдайды.

Талданатын кезеңде тәртіптік жауапкершілікке 7 жұмыскер тартылды (*хаттамалар бар*). Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жұмыскерлер тәртіптік жауапкершілікке тартылмаған.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексінің ережелеріне сәйкес Мамандардың лауазымдарының біліктілік сипаттамалары әзірленіп, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен келісілді.

Жемқорлықпен айғақталған адамдарға мемлекеттік қызметте немесе квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуге өмір бойы тыйым салатын талаптың сақталуын талдау қорытындысы бойынша Кәсіпорынның барлық қызметкерлерінің соттылығы жоқ екендігі анықталды.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің қылмыстық және әкімшілік сипаттағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағандығы анықталған жоқ.

Кәсіпорында «Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес Кәсіпорын басшысының бұйрығымен Жемқорлыққа қарсы стандарт және алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты бекітілді.

## **2) Мүдделер қақтығысын реттеу**

Жүргізілген талдау қорытындысы бойынша жақын туыстарының (ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылары, асырап алынған балалары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), аталары, әжелері, немерелері) немесе жұбайы (зайыбы) бос лауазымдарды иеленудегі үлестілік фактілері анықталмады.

Кәсіпорынның барлық жұмыскерлері Құрылымдық бөлімше және лауазымдық нұсқаулықтар туралы ережемен міндетті түрде таныстырылды.

Кәсіпорында әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастары Ұжымдық шартпен реттеледі.

Қызметкерлерді басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, мүдделер қақтығысының болу фактілері анықталмады.

### **3) Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің анықталуы**

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне, «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және ұйымдастыру қағидаларына, сондай-ақ Кәсіпорынның Бас директорының 2020 жылғы 6 қаңтардағы № 1-Ө бұйрығымен бекітілген «Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің 2020 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің web-порталында мемлекеттік сатып алу жөніндегі іс-шаралар жүзеге асырылады.

Есептік кезеңде 341 мемлекеттік сатып алу өткізілді, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілермен 245 шарт жасалды.

### **4) Мемлекеттік қызметтер көрсету**

Кәсіпорын мемлекеттік қызметтер көрсетпейді.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік қала құрылысы кадастры саласында мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 114 бұйрығына (*Әділет министрлігінде 2016 жылғы 29 наурыздағы № 13550 тіркелген*) сәйкес Кәсіпорынның өңірлік филиалдары заңды және жеке тұлғаларға инженерлік коммуникацияларды түгендеу және инженерлік коммуникациялары бар аумақтың кадастрлық жоспарын дайындау, аумақты инженерлік дайындау үшін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының мәліметтерін ұсыну, ведомствоға координаталарды беру, инженерлік коммуникацияларды қала құрылысы кадастрының деректер қорына енгізу, 1:500, 1:2000 масштабты көшіре отырып қала құрылысы кадастрының мәліметтерін ұсыну бойынша қызметтер көрсетеді.

Қызметтер көрсету тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсыну қағидаларымен (*Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығымен бекітілген*) реттеледі.

Талданатын кезеңде 42 924 718 теңге сомасында 3529 қызмет көрсетілді.

«Мемқалақұрылыскадастры» РМК-нің баға прејскурантына сәйкес мемлекеттік сатып алу порталы арқылы өңірлермен жалпы сомасы 138 552 244 теңгеге 40 шарт жасалды.

Кәсіпорынның өңірлік филиалдарының қызметін рейтингілік бағалау туралы ережеге сәйкес (*«2019 жылғы 4 мамырдағы № 52-ө бұйрыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Бас директордың 2019 жылғы 4 мамырдағы және 2020 жылғы 15 мамырдағы № 58-ө бұйрықтарымен бекітілген*) 2020 жылғы өңірлік филиалдардың өндірістік қызметін, қаржылық, еңбек және атқарушылық тәртіпті қамтамасыз етуін бағалау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша қызмет көрсеткіштері анықталды, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар берілді.

### **5) Рұқсат ету функцияларын іске асыру**

Кәсіпорын рұқсат ету функцияларын жүзеге асырмайды

### **6) Бақылау функцияларын іске асыру**

Кәсіпорын бақылау функцияларын жүзеге асырмайды

### **3. Қорытынды бөлім**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша лауазымдық, жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тәртіптік жазалар қолдану фактілері анықталған жоқ.

Жұмыскерлер арасында сыбайлас жемқорлық бұзушылықтарының алдын алуды бақылауды күшейту, Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолданудың тиімділігін арттыру туралы ұсыныстар берілді.

Кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша Жұмыс тобы **ШЕШТІ:**

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорын жұмыскерлері үшін семинарлар өткізу қамтамасыз етілсін.

2. Ұсыныстары бар талдамалық анықтама Кәсіпорынның Бас директорының қарауына енгізілсін.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері Кәсіпорынның интернет-ресурсында орналастырылсын.

**Бас директордың орынбасары,  
Жұмыс тобының басшысы**



**А. Кушенов**